

«Балбөбек» бөбекжай-бақшасы МКҚК
Хаттама №1

10.10.2025ж.

Қатысқандар- 8 адам.

Меңгеруші Р.Ж.Шауменова, әдіскер А.С.Қалуова, шаруашылық меңгерушісі А.Сембигалиева.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:

1.Насырова Нұрсұлу

Төрайым орынбасары:

2. Мырзалиева Марияш

Мүшелері:

3. Абилова Ақгүл

4. Ешпанова Назгүл

5.Қауметова Гүлхан

6. Сұлташова Бибиғул

7. Әлиева Гүлайша

8. Мусина Бекзат

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. Қамқоршылық кеңесінің нормативтік құжаттарымен танысу.
2. Қамқоршылық кеңесінің кейбір құрамын жаңадан сайлау.
3. Ақылы қызмет жұмысы туралы.
4. Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын құру, бекітуге ұсыну.
5. Әр түрлі мәселелер.

Тыңдалды:

І. Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Насырова Нұрсұлу сөз сөйледі.

Ата-аналар комитеттері мен қамқоршылық кеңесінің міндеттері мен атқаратын іс-әрекеттері жайлы таныстырды. Комиссия мүшелерімен таныстырып, қамқоршылық кеңес балабақшаның өзін-өзі басқару органы болып табылатынын және балабақшаның қызметі мен дамуына жәрдемдесу үшін құрылатынын айтып өтті. Мектепке дейінгі ұйымдарда Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібімен таныстырды.

1. Мектепке дейінгі ұйымдарда Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 9-тармағына сәйкес әзірленді және Қамқоршылық кеңестің (бұдан әрі – Қамқоршылық кеңес) қызметін ұйымдастыру және оны сайлау тәртібін айқындайды.

2. Қамқоршылық кеңес мектепке дейінгі ұйымның дамуына ықпал ететін және мектепке дейінгі ұйымдардың қызметіне қоғамдық бақылауды қамтамасыз ететін алқалы басқару орган ретінде өз қызметін мына қағидаттар негізінде жүзеге асырады:

- 1) тәуелсіздік;
- 2) оның мүшелерінің өтеусіз негіздегі қызметі;
- 3) еріктілік;
- 4) ашықтық;
- 5) жариялылық пен шынайылық.

3. Қамқоршылық кеңестің мүшелері өз қызметінде:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасын, осы Қағидалардың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтауға;
- 2) өз қызметін мектепке дейінгі ұйыммен, жұртшылықпен, жергілікті атқарушы және өкілді органдармен, мүдделі мемлекеттік органдармен және өзге де жеке және/немесе заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасай отырып жүзеге асыруға міндетті.

II. Жаңадан сайланған қамқоршылық кеңесінің мүшелерімен таныстырды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген /өзгерістер мен толықтырулар 01.03.2023жылғы №56/«Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ережесіне және «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ 09.10.2025жылғы №522 бұйрығына сәйкес төмендегі қамқоршылық кеңесі мүшелері сайланды.

Ақылы қызмет жұмысы туралы әдіскер А.С.Қалуова хабарлама жасады. Биылғы оқу жылында ата-аналардың өздерінің сұранысы бойынша ақылы қызмет жұмысына бағдарламалар жазылғанын атап өтті.

- Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары құрылып бекітуге ұсынылды.

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, қамқоршылық кеңесінің мүшелері өз ойларын ортаға салды.

Г.Қауметова -Қамқоршылық кеңесінің мүшесі:- Балабақшада музыка жетекшісі жақсы жұмыс жасайды. Қорытындысын ертеңгіліктерде көріп жүрміз. Бала үшін көптеген жұмыстар да орындалып жатыр. Әр ата-ана үшін баласының осы мекемеде жан-жақты дамып мектепке үлкен даярлықпен баратынына сенімдімін ақылы қызмет жұмысы болса деген ұсынысым бар.

А.Абилова -Қамқоршылық кеңесінің мүшесі:- Балабақшадағы атқарылып жатқан жұмыстарға толық қанықпыз. Алдағы уақытта да ұлттық құндылықтарды балалардың бойына кішкентайынан сіңіру үшін арнайы бірлескен жақсы жұмыстар қарастырылса деп ойлаймын.

Қамқоршылық кеңесінің отырысын төрайым Насырова Нұрсұлу қорытындылады. Ол жалпы балабақшада балалардың құқығын сақтау бойынша жұмыстарға үлкен мән берілетінін, бұл өз кезегінде ата-аналар тарапынан ризашылығын білдіретіндігін айтты.

Шешім:

1. Ата-аналардың ақылы қызмет туралы сұранысы қанағаттандырылсын.
2. Қамқоршылық кеңестің төрайымы мен мүшелері тағайындалып, бекітілсін.
3. Жоспардағы іс-шаралар мерзімге сай орындалсын.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:

1. Насырова Нұрсұлу

Төрайым орынбасары:

2. Мырзалиева Марияш

Мүшелері:

3. Абилова Ақгүл
4. Ешпанова Назгүл
5. Қауметова Гүлхан
6. Сұлташова Бибигүл
7. Әлиева Гүлайша
8. Мусина Бекзат

Хатшы: Б.Нарынбаева

«Бұлбөбек» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК
Меңгеруші жанындағы кеңес
2025-2026 оқу жылы
Хаттама №2

02.10.2025 жыл.

Қатысты: 8 педагог

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы. Балабақшадағы қауіпсіздік ережелерін сақтау. Меңгеруші Р.Ж.Шауменова.
2. Жас мамандарға тәлімгерлерді бекіту. Әдіскер А.С.Қалуова.
3. Айлық жоспарды бекіту.

Тыңдалды: сөз сөйледі меңгеруші Р.Ж.Шауменова. Өткен кеңес шешімдері орындалды. Перспективті жоспар, күн тәртібі, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі, жылдық жоспар, «Адал азамат» біртұтас тәрбие жоспары берілді. Балабақшадағы балалардың қауіпсіздігі барлық тараптардың осы мәселеге әрине кешенді көзқарасына байланысты. Қауіптің дамуына жол бермеу үшін балабақша тәрбиешілері, олардың тікелей жетекшісі және, әрине, ата - аналар қатысуы керек. Балалардың қауіпсіздігін қорғауға сол күні баланың жанында болған тәрбиеші жауапты. Балабақшада тәрбиеші балалардың тұрған жерлерін қараусыз болмайды. Таңертең жұмысқа келгенде, тәрбиеші топтағы барлық жайларды ақаулықтардың болмауын қадағалап тексереді. Олар анықталған кезде басшыға хабарлаңыз.

Тәрбиешінің орны, оның үстелі әрдайым тәртіппен сақталуы керек. Көрінбеген өткір заттарды (инелер, қайшылар, қағазға арналған пышақтар және т. б.) ұстамаңыз. Тәрбиеші баланы бөтен және туған – туыстарына, ішімдік ішіп мас күйінде келген ата-анасына беруге болмайтынын қатаң ескертемін.

Басқа мекемелермен байланыс жұмыстарында, мектепалды топтарын экскурсияға апару кезінде тәрбиеші қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауы керек.

Топқа келгенде тәрбиешінің міндеті - температура режимін бақылау. Ыстық ауа - райында баланың қалпақшасы бар екеніне көз жеткізіңіз, ал қыста су өткізбейтін аяқ киім кию керек.

Дәрі - дәрмектерді сақтау алғашқы көмек жинағы баланың қолы жетпейтін жерде болуы керек. Зеленок, йод, бинт, мақта.т.б. Медбике күні бойы балабақшада болуы керек. Кейде балаға шұғыл медициналық көмек қажет болған жағдайлар болуы мүмкін. Бұл жағдайда жедел жәрдем келгенше балаға медициналық көмек беруге медициналық қызметкер және тәрбиеші жауапты. Жұмыс күні соңында

тәрбиеші топта балаларды таратып болғаннан кейін, топты тексеріп барлық электр аспаптарын өшіріп, бөлмені желдетіп, барлық терезеледі жабу керек. Балабақшадағы өрт қауіпсіздігі назар аударуды қажет ететін басты тақырыптардың бірі болып табылады. Балалардың өмірін мүмкіндігінше көп

қорғау үшін, осы мекеменің барлық қызметкерлері өрт сөндіру бригадасына келіп, қажет болған жағдайда өрт сөндіру жаттығулары мен өртті сөндіру әдістерінен өтуі керек. Балабақшаның маңындағы аумақты бақылау өте маңызды. Қоқыс ғимараттың сыртында арнайы аумаққа уақытында жеткізілуі тиіс.

Шешім:

1. Айлық жоспар бекітіліп, орындалсын және оны қадағалау әдіскер А.С.Қалуоваға жүктелсін.
2. Балалардың денсаулығын сақтау, қауіпсіздік ережелерін сақтау тәрбиешілерге, медбикеге жүктелсін.
3. Тәлімгерлер жұмыстары жоспар бойынша орындалсын.

Кенес төрайымы:

Хатшы:



Р.Ж.Шауменова

Б.Б.Нарынбаева

**«Балбөбек» бөбекжай-балабақшасы МКҚК
қамқоршылық кеңесі отырысының**

№3 хаттамасы

Өткізілген күні: 03.03.2026жыл

Қатысқандар-18 адам.

Меңгеруші Р.Ж.Шауменова., әдіскер, кәсіподақ төрайымы.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:

1.Насырова Нұрсұлу

Төрайым орынбасары:

2. Мырзалиева Марияш

Мүшелері:

3. Абилова Ақгүл

4. Ешпанова Назгүл

5.Қауметова Гүлхан

6. Сұлташова Бибигүл

7. Әлиева Гүлайша

8. Мусина Бекзат

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. Балабақшаішілік дәстүрлі мерекелік іс-шараларды, спорттық іс-шараларды, ұйымдастыруда көмек көмек көрсету.
2. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының орындалуы туралы.

Бірінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің төрайымы Насырова Нұрсұлу сөз сөйледі.

Балабақшамызда биылғы оқу жылында бекітілген жоспар бойынша көптеген жұмыстар атқарылды.

Мақсаты - балаларымыздың білімі мен тәрбиесіне тек бір жақты емес әке де, ана да, тәрбиешінің де атқаратын рольдерін бірдей екенін насихаттау, аналардың ауызбіршілігін нығайту, бірігіп жұмыс жасау. Жарқын болашақ кепілі білімді, саналы, тәрбиелі ұрпақты бірге тәрбиелеуге бағытталған.

Жұмыстың нәтижесі бала бойына ұлттық құндылықтарды дарыта отырып, мектепке дайындау. Жарқын болашақ ұрпақты бірге тәрбиелеу.

Екінші мәселе бойынша әдіскер А.С.Қалуова сөз сөйледі.

Әдіскер биылғы оқу жылында ауқымды жұмыстар жүргізілгенін айта келіп, 30.07.2024 жыл Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің міндетін атқарушының № 194 бұйрығына 1-қосымша «Білім беру

ұйымдарындағы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы» жұмысы жоспарының орындалғанын айтып өтті.

Бағдарламаның мақсаты: Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Тәрбиешілер таңертеңгілік 08-ге 15 қалғанда топқа келіп кварц қосып, ылғалды тазалық жұмыстарын жүргізеді. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша «Өнегелі 15 минут», «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы», «Күй күмбірі», күнделікті атқарылатын іс-шаралары уақытымен өткізіледі. Апта сайын ересек, мектепалды топтарда «Менің Қазақстаным» ҚР әнұраны орындалады.

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзінде балалар арасында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеудің маңыздылығын атап, білім беру ұйымдарындағы тәрбие ісіне ерекше назар аударуды тапсырған болатын.

«Озық ойлы ұлт» идеясы балалар мен жастардың бойында білімге құштарлық, шығармашылық және инновациялық ойлау, кәсіби даму, бірлік пен ынтымақ құндылықтарын дамыту арқылы өзгерістерге бейімделіп, инновациялық технологияларды ұтымды қолданатын ұлтты қалыптастыруға бағытталады.

Ұлттың жаңа келбетін қалыптастыратын:

тәуелсіздік және отаншылдық

бірлік және ынтымақ

әділдік және жауапкершілік

заң және тәртіп

еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

жасампаздық және жаңашылдық құндылықтарын саралап, бала тәрбиесіндегі басты бағдар ретінде айқындады.

Ұлт болашағы балалар мен жастардың бойына қандай құндылықтар сіңіретініне байланысты, сол себепті өскелең ұрпақты тәрбиелеу – мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі.

Сонымен қатар: «Аталар, әжелер, аналар, әкелер» мектебі, «Жас аналар» мектебі бойынша бекітілген жоспарға сай жұмыстар жүргізілді.

Кез-келген ұлттың сипаты бес қағидаға келіп тіреледі. Біріншісі –тілі, екіншісі –діні, үшіншісі–дәстүрі, төртіншісі –тарихы, бесінші-атамекені. Құндылықтар –шынайы ғана болады, ол адамға тәуелді емес, дей тұрғанмен ол ең алдымен адам санасында орын алады. Дана халқымызда: «Ағаш түзу, әдемі болып өсу үшін оны көшет кезінде баптау керек, ал қисық ағаш болып өскенде оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Балабақша қабырғасынан бастап, Отан, ел, жер ұғымының киелігін білу, салт-дәстүр, менталитет, тарихтың маңызын бойына сіңіріп өсіру-ең басты қағидат. Өз халқымыздың салт-дәстүрлері, асыл қазыналары, асыл мұралары туралы түсініп, жүректерімізге жеткізе отырып, ұлттық таным мен тәрбиеге баулу болып табылады. ҮІӨ «Бестемше», «Ханталапай», «Асық», «Алшы», «Бес

тас»т.б. ұлттық ойындар ойналады. Мектепалды, ересек топтарды «Ақшаны жұмсауды үйренеміз», ойындары қаржылық сауаттылық бойынша дидактикалық ойындар ойналды. Мақсаты: баланың заттарды тексеріп қарауын, зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, есте сақтауды, қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту.

Бала тәрбиесіне, жалпы адам тәрбиесіне терең мән беріп, оның сәтті қағидалары мен ережелерін жасағандардың бірі – қазақ халқы. Халқымыздың тәрбие тәсілдері мен тәжірибелері ғасырдан бері жинақталып келе жатқан алтын қазығымыз. Сол тәжірибе, танымның, ұлттық құндылықтарымыздың бірегейі халқымыздың салт-дәстүр, әдет-ғұрып үлгілері мен өнегелері. Ал біздер мен сіздер осы құндылықтардың заңды жалғастырушысы мен қорғаушыларымыз. Ұлтымыздың мақтанышына айналған ұлттық құндылықтарымыз ұлттығымыздың негізі. Мақсатымыз ұлттық құндылықтар арқылы балалардың танымдық зияткерлік дағдыларын дамыту.

Ата-ана Ешпанова Назгүл сөз сөйледі: «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бойынша өткізілген жұмыстарды әлеуметтік желіден көріп жүрміз. Ата-аналармен бірлескен жұмыста өз ұлттық құндылықтарымызды бала бойына сіңіруде көптеген жұмыстардың жүргізілгеніне куә болдық.

Шешім:

1. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы жұмысы бойынша ата-аналармен бірлескен жұмыстар жүргізілсін, әлеуметтік желіге салынсын.

Хатшы: Нарынбаева Б.

